



ҰРМАЛЫ АСПАПТАРДЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

МРНТИ 80.29.39

Е. Усурханов ¹

¹ Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы, Алматы, Қазақстан

ҰРМАЛЫ АСПАПТАРДЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада музыкалық ұрмалы аспаптардың (даңғыра, дабыл, т.б.) қалыптасу кезеңдері қарастырылған. Ұрмалы аспаптарды кәсіби ортада қолданылуы көрсетілген. Ұрмалы аспаптардың ерекше дамыған кезеңі ретінде ХХ ғасырға мән беріледі.

Трек сөздер: ұрмалы аспап, орындаушылық, даңғыра, дауылпаз, ырғақ, оркестр.

Кіріспе

ХХ ғасыр – музыка өнерінің ерекше дамыған кезі. Қазан төңкерісінен кейін, еліміз тәуелсіздік алғанға дейін кәсіби музыка өнерінің дамуы, халық арасынан шыққан туындылардың нотаға түсірілуі, аспаптардың жаңартылуы мен оркестрлерде қолданылуы ұрмалы аспаптардың кәсібиліне түсуіне алып келді. Себебі халық арасынан шыққан таланттар мен ұрмалы аспаптарда кәсіби деңгейде орындауға құштарлық өсті. Екіншіден, ұлттық музыкалық аспаптарды және орындаушыларды жаппай кәсібилендіру жүріп жатқанда ұрмалы аспаптар да одан тыс қалмауға тиіс еді.

Ұрмалы аспаптар бір ғана

халықтікі емес, олар көптеген халықтар мәдениетінде кездеседі. Қазақстанда ұрмалы аспаптарда кәсіби орындаушылықтың өркендеуі бұл бағытты ғылыми тұрғыдан зерттеуге жол ашты.

Әдістер

Б. Сарыбаев талдап көрсеткендей: «Даңғыраның металл сылдырмақсыз бірегей түрі 1930 жылдардың өзінде республикамыздың оңтүстік аудандарында ғана кездесетін. Бұл күнде Қазақстанның мемлекеттік орталық музейінде және Глинка атындағы музыка мәдениетінің мемлекеттік орталық музейінде даңғыраның бірден-бір ғана данасы сақтаулы, олар 1936

жылы Шымкент облысынан табылған болатын»[1, 145 б.], – деп жазды.

Орыс халық музыкасындағы ұрмалы аспаптар табиғаты да осыған жуық. Оның тулумбас, набат, накра, бубен сияқты үлгілерін кезінде К. Вертков жақсы зерттеді [2, 97-99 бб.]. Енді бір деректерге қарағанда 1948 жылға дейін бұрынғы КСРО халықтарының музыкалық аспаптары музейінде сақталып келген көне шыңдауыл болған. КСРО Ғылым академиясының Антропология және этнография музейінің аса бай коллекцияларында шағын ғана көне дауылпаз болған. Санкт-Петербургтегі театр, музыка және кинематография институты ұйымдастырған музыкалық аспаптардың тұрақты көрмесінің экспозициясында көлемдері әр түрлі екі көне шыңдауыл болған [1, 146-147 бб.]. Бірқатар ұрмалы аспаптардың суреті Б. Сарыбаевтың музыкалық аспаптар альбомында қамтылды [3, 112-117 бб.].

Нәтижелер

Жалпы ұрмалы аспаптардағы кәсіби орындаушылық 1930 жылдардан бастау алады. Сол кезде дауылпазды жетілдіріп, бұрауын келтіре бастаған, бетіне бірнеше винт орнатқан. Бүгінде дауылпаз бірнеше нота биіктіктеріне келтіріледі және өзгертуге болады.

Тәуелсіздік алғанға дейін ұрмалы аспаптардағы орындаушылық шеберлік баяу дамыды. 1970-1980 жылдары Ықылас атындағы халық аспаптар музейі ашылған кезде көптеген реконструкциялық, реставрациялық жұмыстар жүргізіліп, ұрмалы аспаптардың көпшілігі қайта жаңғыртылды. Оның бәрі белгілі өнертанушы-ғалым Болат Сарыбаевтың еңбегі болатын.

Біздің музыкалық аспаптар

музейіндегі ұрмалы аспаптар көптеген зерттеулер нәтижесінде жаңғыртылып, жаңадан жасалған. Бұл аспаптар түпнұсқа қалпында хакас, алтай, тыва, қырғыз елдерінде бар. Кезінде Болат Сарыбаев осы аспаптарды жаңғыртып, үлкен коллекция жасап, оркестрге қосты. Бүгінде бұл аспаптар қазақтың өнерін танытуға үлес қосып жүр.

Қазақтың халық музыкасында жеке орындаушылар болса да, оркестр болмағаны белгілі. Ансамбль, оркестр кеңес дәуірінде пайда болған шығармашылық ұжымдар. Олардың құрамында ұрмалы аспаптар да қолданылды. Осылайша ұрмалы музыкалық аспаптар өзінің алғашқы қызметін өзгертіп, музыкалық сүйемелдеуші, ырғақ беруші аспап ретінде қолданысқа енді. Олар оркестрге бейімделіп, өзінің көне қолтаңбасын жаңартты. Ұрмалы аспаптар үні мен дыбыс диапазоны жағынан да қайта жаңғыртылды. Осының бәрі олардың музыкалық оралымға түсуіне түрткі болды.

XX ғасырда ұрмалы аспаптар оркестр құрамында және музыкалық-этнографиялық ансамбльдер құрамында пайдаланылды. Осыған орай ұлттық аспаптармен халықтық саздарын орындайтын музыкалық топтар құрылды. Шығармашылық ұжымдарға ұрмалы аспаптарды енгізуге ұмтылғандар саны арта түсті. Соның бәріне музыкалық аспаптар мұражайының ашылуы себеп болған-ды. Ол туралы өнертанушы Жарқын Шәкерім: «Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамблі Республикалық халық музыка аспаптары мұражайы шаңырақ көтергенде, мұражай қызметкерлерінің күшімен ұйымдасқан болатын. 1980 жылдың 1 тамыз күні Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің мұражайды ұйымдастыру

жөніндегі № 358 жарлығы шықты», – деп еске алады.

Мұражайдың ашылуы 1980-1981 жылдары жүзеге асқан. Оның жанынан Б. Сарыбаев ұйымдастырған этнографиялық үлгідегі ансамбль бүкіл республика көлемінде қанат жая бастаған. «Жетіген», «Айгүл», «Ғасырлар пернесі» сияқты ансамбльдер фольклорлық, ұрмалы аспаптарды кеңінен пайдаланды. 1974 жылы Торғайда басшылық қызметте Өзбекәлі Жәнібеков «Шертер» ансамблін ұйымдастыруға мұрындық болған.

Дискуссия

Ұрмалы аспаптар көптеген ансамбль құрамына еніп, музыкалық мәдениетімізден өз орнын алды. Олар түрлі фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер құрамында Швейцария, Америка Құрама Штаттары, Түркия, Германия, Жапония, Корея, Нидерланды, Италия, Испания, Қытай, Франция елдеріне мәлім болды. Бұл аспаптарда орындау шеберлігі де арта түсті.

Бұл кезеңде фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер ғана емес, халық аспаптар оркестрі де қанат жая бастады. Олардың құрамында да ұрмалы аспаптар қолданылып, оркестрдің ұлттық сипатын арттыруға септігін тигізді. Мысалы, сол жылдары құрылған «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі ұрмалы аспаптардың көркемдік мүмкіндіктерін арттыра түсті. Дәл осындай қызметті «Адырна» ансамблі (1986) атқарды. Ө. Жәнібековтің қолдауымен құрылған бұл ансамбльдің ерекшелігі – ұлттық оркестрлерде жоқ адырна аспабын қолданылуында. Сонымен қатар, жетіген, қылқобыз, шаңқобыз, домбыра, сазсырнай, сыбызғы, шертер, үрмелі және ұрмалы

аспаптарды да осы ансамбльде қолданылды. Ансамбльдің музыкалық репертуары да ерекше еді.

Олай болса, ХХ ғасырдағы ұрмалы музыкалық аспаптарымыздың кәсіби сипатқа ие болуын, жетілуін былайша жинақтап көрсетуге болар еді. Атап айтар болсақ:

– ұрмалы аспаптар Кеңес үкіметі тұсында тарихи тұрғыдан зерттеліп, халық руханияты мен өнері ретінде мойындалып, оларды жаңғыртудың қажеттігіне назар аударылды;

– ұрмалы аспаптар көптеген тарихи деректер мен мұрағаттар бойынша қайта жасалуға тиіс болды;

– ұлттық этнографиялық ансамбльдердің құрылуы мен олардың таза халықтық шығармаларды орындау қажеттігі тұсында ұрмалы аспаптар да сол ансамбльдер құрамына енгізілді;

– ұрмалы аспаптар ноталанып, кәсіби деңгейге бейімделді;

– ұрмалы аспаптарда орындаушы кәсіби мамандардың пайда болып, осы үлгіні әрі қарай арттыра түсірілді;

– ұрмалы және басқа да ұлттық аспаптарда ойнайтын ансамбльдер мен оркестрдің мүшелеріне арналып ұлттық нақыштағы киімдер тігілді.

Сонымен қатар ұрмалы аспаптар туралы теориялық зерттеулер де қолға алына бастады. Ол музыкатану саласы ғана емес, тарихи, философиялық зерттеулермен де ұштасып жатты [3].

Қорытынды

Ұрмалы аспаптардың көне түрлерінің табылуы, археологиялық зерттеулермен жалғаса түсуі оларды мәдени-музыкалық өмірімізге енгізуге елеулі ықпал етті. Мұндай зерттеулер ұрмалы аспаптарда орындау шеберлігін одан әрі дамытуға да елеулі әсерін тигізді. Түрлі оркестр, ансамбльдер құрамына енгізілуі ұрмалы

аспаптардың көркемдік мүмкіндіктерін арттыра түскені де ешбір дау тудырмайды.

Жалпы қазақ халқының ұрмалы музыкалық аспаптарының дамыған кезі ретінде XX ғасырды атауға толық негіз

бар. Осы кезеңде олар тарих қойнауынан аршылып, жетілдіріліп, дамытылып, музыкалық тәжірибемізге енгізілді. Олар алдағы кезде де дамитын болады деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сарыбаев Б. Қазақ халқының музыкалық аспаптары. – Алматы: Өнер, 1981. – 208 б.
2. Вертков К. Русские народные музыкальные инструменты. – Л.: Музыка, 1975. – 280 с.
3. Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. Альбом. – Алматы: Жалын, 1978. – 136 б.

Е. Усурханов

*Казахская Национальная консерватория имени Курмангазы,
Алматы, Казахстан*

ЭТАПЫ РАЗВИТИЯ УДАРНЫХ ИНСТРУМЕНТОВ

Аннотация

В статье рассматриваются этапы становления ударных музыкальных инструментов (дангыра, дабыл и др.) казахского народа. Указывается использование указанных инструментов в профессиональной среде. Придается значение XX веку как периоду наивысшего расцвета ударных инструментов.

Ключевые слова: ударный инструмент, исполнительство, дангыра, дауылпаз, ритм, оркестр.

Е. Usurkhanov

*Kurmangazy Kazakh National Conservatory,
Almaty, Kazakhstan*

PERCUSSION INSTRUMENTS' DEVELOPMENT STAGES

Abstract

The stages of establishment of the Kazakh nation's percussion musical instruments (dangyra, dabyly, etc.) are considered in this article. Use of the mentioned instruments in the professional environment is given. 20th century is giving a significant meaning as it is considered as a golden age of percussion instruments.

Keywords: percussion instrument, performance, dangyra, dauylpaz, rhythm, orchestra.

Автор туралы мәлімет: Усурханов Еділ Сарсенұлы — Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының «Ұрмалы аспаптар» мамандығының 2 курс магистранты.
e-mail: edil0592@mail.ru

Сведения об авторе: Усурханов Едил Сарсенович — магистрант 2 курса, по специальности «ударные инструменты» Казахского Национального консерватории имени Курмангазы.
e-mail: edil0592@mail.ru

Author's data: Edil Usurkhanov— 2nd year Master student, specializing in “percussion instruments” at the Kurmangazy Kazakh National Conservatory.
e-mail: edil0592@mail.ru